

<sup>1</sup>Бекетова Д.Б.  <sup>2</sup>Эгамбердиев М. Ш. 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: <sup>1</sup>[danabeketova@gmail.com](mailto:danabeketova@gmail.com), <sup>2</sup>[mirzahan.egamberdiyev@gmail.com](mailto:mirzahan.egamberdiyev@gmail.com)

## КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ: БОЛҒАН АНА МЕН ЖҰБАН АНА MA3APЛAPЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Орталық Қазақстанда қастерленген әулие әйел мазарларының мәдени және рухани маңызы қарастырылады. Орта Азияның қасиетті ландшафттары туралы ғылыми зерттеулерде әулиелерге баса назар аударылғанымен, бұл зерттеу жергілікті діни әдет-ғұрыптар мен жады көріністерін қалыптастырудағы әйелдердің рөлін көрсетеді. Мақала тарихи деректер мен этнографиялық мәліметтерге сүйене отырып, мазарлардың рухани орын және мәдени ескерткіштерінің киелі нысаны ретінде қалыптасуы мен маңызын айқындауды мақсат етеді. Табылған деректер мазардың тек зиярат ету орны ғана емес, сонымен қатар құндылықтардың дамуы мен сақталуына ықпал ететін кеңістікті құрайтыны анықталды. Әулиенің өміріне қатысты жергілікті аңыздар ел үшін қандай құндылықтар маңызды екенін байқауға болады. Зерттеу нәтижелері Болған ана мен Жұбан ана мазарлары құндылықтарды (ізгілік, қайсарлық, табандылық) іздеу және халықтың рухани болмысын тәрбиелеуге ықпалын көрсетеді. Олардың мазарлары көбінесе рухани баспана, қоғамдық жиын және мәдени жадының кеңістігі ретінде қызмет етеді, әсіресе әйелдер үшін, бұл фигуралардан тақуалық, төзімділік және қасиеттілік үлгілерін табуға болады. Әйел әулиеге назар аудара отырып, бұл зерттеу Орта Азиядағы қасиетті жады мен ландшафтты түсінуге гендерлік өлшем қосады, бұл әйелдер мазарларының дәстүр сабақтастығын және қазіргі қауымдастықтар үшін бірегей рухани ресурс екенін көрсетеді.

**Тірек сөздер:** әулие әйел, қасиетті жерлер, киелі орын, кеңістік, ұлттық жады, рухани болмыс, құндылықтар, зиярат.

### Кіріспе

Әулиелерді қастерлеу қазақ халқының ежелден келе жатқан діни және мәдени тәжірибесінің ерекшелігі болып табылады, киелі орындар, мазарлар және зиярат жолдары киелі ландшафтарды қалыптастырды. Қасиетті табиғи орындармен қатар архитектуралық орындар, оның ішінде кесене, мазар және мешіт-шіркеулер адамзат үшін маңызды құндылықтардың дамуы мен сақталуына ықпал ететін кеңістікті құрайды. Бейбіт өмірде немесе қиын-қыстау кезінде болсын, олар халықтың ұлттық және рухани болмысын сақтауда қызмет атқарып келеді. Ал әулие әйел мазарлары қоғамда ерекше мәнге ие. Көптеген аймақтарда олардың мазарлары зиярат ету орындарына айналды. Жергілікті халық әулие әйелдердің басына барып, құран оқиды, құрбан шалады, олар туралы аңыз хикаяларды келесі ұрпаққа айтып жеткізіп отырады. Олардың мазарлары көбінесе рухани баспана, қоғамдық жиын және мәдени жадының кеңістігі ретінде қызмет етеді, әсіресе әйелдер үшін, бұл фигуралардан тақуалық, төзімділік және қасиеттілік үлгілерін табуға болады. Алайда, әулие әйел қасиеттілігі жайлы ауызша әдебиетте көрініс тапқанменен, олардың мазарлары жайлы дербес зерттеулер академиялық салада сирек кездеседі.

Бұл зерттеу Болған ана мен Жұбан ана мазарларына бағытталған. Болған ана XIII-XIV ғасырда, ал Жұбан ана моңғол шапқыншылығына дейін XI-XII ғасырларда өмір сүрген деп топшалаыады. «Ана» концептісі қазақ халқы үшін ең құнды және ерекше құрметке ие. Мақаланың зерттеу нысандары Болған ана мен Жұбан ана мазарлары халық арасында «ана» бейнесінің қасиеттілігін аша түседі.

Болған ана мазары жайында XVI ғасырда Абдуллах ханның сарай ақынының жазбасында кездесіп, келесі деректер Рашид-ад-дин, академик В.В.Бартольд, Ш.Уалиханов жазбаларында, 1940 жылдары Ә.Х.Марғұлан және 1990 жылы Е.Бәйтенов жетекшілігімен экспедиция зерттеулерінде кездеседі. Қазіргі кезде Сембинова Л.А. этнограф, тарихшы, әдебиеттанушы А.Сейдімбеков, М.Рысдәулет, А. Қасенәлі ғалымдары зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Жұбан ана мазары немесе әулие моласы XIII ғ. Рашид-ад-Диннің «Джами ат-Таварих» трактатында айтылса, кейін деректер XVIII ғасырдан бастап шетел П.И. Рычков С.Б. Броневский, А.И. Левшин, А.К. Красовский, И.А. Кастанье жазбаларында кездеседі. Ш.Уалиханов «Могила Джубан-ана» еңбегінде алғаш сызбасы мен суретін береді. 1946 ж. академик А.Х. Марғұлан мазарды қайта зерттесе, қазір А. Т. Жаманкозова, М. Ж. Тусупбекова, Н. К. Кажикенова, З.К. Сураганова Жұбан ана мазары жайлы көптеген деректер береді.

Бұл мақала мазарды әрі діни ескерткіш, әрі мәдени мекеме ретінде қарастыра отырып, гендерлік, руханият пен әлеуметтің тоғысқан тұстарын жарықтандыруды көздейді. Жергілікті әңгімелерді, әдет-ғұрыптарды және кеңістік тәжірибелерді талдай отырып, гендер, руханият және қауым арасындағы өзара байланысты көрсетеді. Болған ана мен Жұбан ана мазарларының қасиеттілігін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Әулие әйел бейнесі қазіргі қоғам қалыптасуына, қандай діни және мәдени ықпал жасайтынын анықтау мақсатында Болған ана, Жұбан ана мазарларына тарихи шолу жасалып, этнографиялық талдау жүргізіледі. Сонымен қатар, мұрағаттық және жазба дереккөздерді талдау табиғи нысандардың сакрализациясының тарихи динамикасын анықтау үшін пайдаланылды. Бұл кешенді тәсіл киелі орындардың түзелуін және олардың ұжымдық жады мен бірегейліктің тасымалдаушылары ретінде қалай жұмыс істейтінін анықтауға мүмкіндік берді. Мұрағаттық және жазба дереккөздерді талдау нысандардың сакрализациясының тарихи динамикасын анықтау үшін пайдаланылды.

### **Талқылау**

«Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы 500 қасиетті жерлерді айқындап тізімін жасаған. Бұл қазақ халқы үшін қасиетті жерлердің орны айрықша екенін көрсетеді. Кеңес Одағы кезінде қасиетті орындарға зиярат ету салты ұмытуға жақын қалды, ал тәуелсіздік алғаннан кейін ұлт идентификациясы әлсіз болғандықтан сырттан келген әртүрлі діни идеялар басым бола түсті. Дегенмен, ел жадында қасиетті, киелі деген ұғымдардың әсері әлі де бар, оған ірі тұлғаларды әулие деп тануы, олардың басына барып мінәжат етуі дәлел.

Табиғи ландшафттардың қасиетті жерлерге айналуы ғылымда «иерофания» ұғымымен белгілі. Оны М.Элиаде енгізген болатын (Eliade, 1959). Элиаде сакралдың тәжірибесі әртүрлі дәстүрлерде түрлі көрініс табуына қарамастан, барлық діндердің ортақ құрылымдық элементі болып табылады деп дәлелдейді. Кейін адамдардың қасиетті ландшафттармен байланыстыратын қисса-дастан, салт-дәстүр және діни әдеттер екенін және тау-тас, өзен-су, мазар бір қауымдастықтың «есте сақтау орны» (memory space) ретінде қызмет атқаратынын К.Нотт, К.Хамфри пен У.Онон айтады (Knott 2005, Humphrey, Onon, 1996).

Қасиетті жерлердің пайда болуы адамның бір табиғи нысанаға мән салып, сезім арқылы танумен байланысты дейді Knott (Knott, 2005), яғни адам бір табиғи орынға аффективті және феноменологиялық мән салады. Ол жер тек бір адамның ғана емес, үлкен қауымдастықтың сакралды кеңістігіне айналады. Нәтижесінде, қасиетті жерлер адамның сезім мен мән іздеу қажеттілігін өтей алады. Г.Башелар адамның кеңістікпен эмоционалдық байланысына назар

аударып, «кеңістіктің поэтикасын» (the poetics of space) ұғыну үшін ғимараттарға фено-монологиялық тұрғыдан зерттеуді ұсынады (Bachelard, 1994).

Табиғаттың сакрализациясы қоғам үшін маңыздылығы жайында К.Хамфри мен У.Онон Моңғолияның мысалымен түсіндіреді (Humphrey, Onon, 1996). Бұл ел де социалистік революцияның діни дәстүрлерге әсер етіп, қазіргі нарықтық экономикаға өту кезеңінде. Ел ішіндегі алаңдаушылықты төмендету мақсатында діни формалардың жандануы байқалады. Сонда қасиетті жерлерге қажылыққа барудың бірден-бір мақсаты – адамдардың ішкі тепе-теңдікті орнатуға байланысты мұқтаждығы деп дәлелдейді. Сонымен бірге, табиғатқа жақындау және оның бір бөлігі болып сезіну әлеуметтік тәртіп пен моральдық нұсқауларды сақтауда шешуші рөл ретінде қарастырылады.

Орталық Қазақстан ландшафтына келетін болсақ, бұл қасиетті орындаға бай жер. Ұлытау хандар ордаларын тігіп, елдің келелі мәселелерін шешіп, мәміле жасасқан жер, яғни этностың бірігіп тұтасқан орталығы болып саналады. Әбу Саид Гардазидің XI ғасыр жазбаларында Ұлытау Кендіртағы деген атаумен белгілі, бұл да жай емес. Ал тарихшы Әбілғазы Бахадүр қазіргі Ұлытау мен Кішітау тауларын кезінде Ертағы және Кертағы болғанын сөз етеді (Уық шаншылған Ұлытау, 2017: 11).

Бұл өңірде тас дәуірінен бастап, неолит кезеңі, кейін қола дәуірінде бірнеше өркениет мекен етті, оған зерттеу кезінде табылған тас құралдар, тұрақтар, жартылай жеркепелер, құдықтар, сәндік бұйымдар мен бейнелеу өнерінің жәдігерлері (Теректі әулие) дәлел. Ал ең айрықша атап кететін жайт – академик Ә.Марғұланның археологиялық жұмысының қорытындысы негізінде Ұлытау Орталық Қазақстан б.д.д. II мыңжылдықта халық қазбаларды тек өз шаруасына ғана пайдаланбаған, сонымен қатар айырбас элементі ретінде де қолданған деген тұжырым. Келесі кезең көшпелі халықтың дәуіріне келеді. Араб ғалымы Әл-Идрисидің XII ғасыр жазбасында бұл өңірде қайнаған тіршілік болғанын жазады, оғыз тайпалары малмен де, метал өңдеумен де айналысқан. Сондай-ақ, «Ұлытауды ғұндардың тәңірқұты – Оғыз қағанның жаз жайлауы болған» дейді (Т.Шарманов). X ғасырда оғыздар төменгі Сырдария бойына өтіп, мемлекеттің астанасы ауысу себебінен, қалалар құлдырайды. Ал, XVIII ғасырда Шыңғыс ханның шабуылымен, Жошы ханның Дешті Қыпшақ даласын басқаруымен Ұлытау қайта бой түзейді. Араб-парсы жазбаларында бұл өңірде Болған Ана, Сарайлы, Талмас ата сияқты қалалардың орналасқаны жайлы мол деректер бар. Бұл өңірде шоғырланған ескерткіштер сол кездегі айтулы тарихи тұлғалардың болғанын дәлелдейді (Уық шаншылған Ұлытау, 2017).

Бұл мақаланың зерттеу нысандары Болған ана мен Жұбан ана мазарлары қасиетті жерлер болып саналады. Болған ана ол жердегі табылған жәдігерлерге сүйенсек, XIII-XIV ғасырда өмір сүргені белгілі, ал Жұбан ананың мазары моңғол шапқыншылығына дейін XI-XII ғасырларда салынған деген болжам бар.

Болған ана мазары жайында XVI ғасырда Абдуллах ханның сарай ақынының жазбасында кездеседі. Ол жайында Рашид-ад-дин, академик В.В.Бартольд, Ш.Уалиханов жазбаларында, 1946 жылы Ә.Х.Марғұлан, М.Б.Левинсон, Г.Г.Герасимов, 1990 жылы Е.Бәйтенев жетекшілігімен экспедиция зерттеулерінде кездеседі. Қазіргі кезде Сембинова Л.А. этнограф, тарихшы, әдебиеттанушы А.Сейдімбеков, М.Рысдәулет, А. Қасенәлі ғалымдары зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Ал Ұлытау облысының тарихи-мәдени мұрасын сақтау орталығы және «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайы Ұлытау мәдениетінің тарихи ескерткіштерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ағарту қызметін атқаруда.

Жұбан ана мазары немесе әулие моласы алғаш XIII ғ. Рашид-ад-Диннің «Джами ат-Таварих» трактатында айтылады. Ол көне қала және қасиетті жер деп беріледі. XVIII ғасырда орыс шенеунігі, географ және тарихшы П.И. Рычков (1712–1777) еңбегінде жазады, сонымен қатар С.Б. Броневский (1830 ж.), А.И. Левшин (1830 ж.), А.К. Красовский (1868 ж.) и И.А. Кастанье (1910 ж.) жазбаларында кездеседі. 1862 ж. Ш.Уалиханов «Могила Джубан-ана» еңбегінде алғаш сызбасы мен суретін береді. 1946 ж. академик А.Х. Марғұлан мазарды

«Худуд-ад Алем» (X ғ.) және Рашид-ад-дин (XIII ғ.) еңбектерге сүйеніп қайта зерттейді. 2012, 2017 жылдары А.Т. Жаманкозова, М.Ж. Тусупбекова, Н.К. Кажикенова Орталық Қазақстан жеріне экспедиция өткізіп, Жұбан ана мазары жайлы көптеген деректер береді. Сураганова З.К. 2019 ж. Жұбан ана мазарының қажылық орны ретінде зерттейді (Сураганова, 2019).

Бұл мазарлар тек аймақта танымал болғанменен, гендерлік маңыздылығы ашылып көрсетілмеген. Мақалада тарихи және этнографиялық деректер талдау арқылы, Болған ана мен Жұбан ананың жеке тұлға мен жалпы бұқара халықтың түзелуіне ықпалын зерттеу мақсатын көздейміз. Сонымен бірге, мазарлардың рухани орын және мәдени ескерткіш ретінде қызметі айқындалады.

### Зерттеу нәтижелері

#### *Болған ана мазары*

Жезқазған қаласынан оңтүстік-шығысына қарай 50-55 (немесе 67) шақырым жерде, Сарысу мен Қаракенгір өзендерінің түйіскен жерінде Болған ана мазары орналасқан. Мазар кірпішті қиғаш өру әдісі бойынша салынған, күмбезі ортасына құлап түскен, алайда қабырғалары жақсы сақталған. Герасимов Г.Г. жазбасында «ескі сылақтың қалдығы II тәрізді порталдық арқаның белдеуі мен жапсырылған әшекейлі қыш тақташалардың терракота түсті» болды деп көрсетеді (Герасимов, 1957). Кей деректерде бастапқыда күмбездің сырты ақ түсті болғаны айтылады. Күйген кірпіштерде 20 шақты ру таңбасы, арабша жазуларды көруге болады (Уық шаншылған Ұлытау, 2017: 254).

Болған ана мазары ертеден зерттеушілердің назарына іліккен. Мазар туралы XVI ғасырда Абдуллах ханның сарай ақыны Хафиз Тыныш жазбаларында ханның қазақ даласына жорығын суреттей отырып Болған ана мазарында 1582 жылы 27 сәуірде келгенін жазып кеткен (Шмидт, 1894). Рашид-ад-дин Жошы хан туралы хикаясында Болған хатун туралы айтады. Жошының қызы Болған бегім туралы академик В.В.Бартольд та жазба қалдырған. Ш.Уалихановтың жазбаларында да Болған ана мазары туралы айтылады (Валиханов, 1984). Ә.Х.Марғұланның еңбектерінде «Кесене көрнекті жерде салынған, алғашқы нұсқасында өте әдемі болған, сақталып қалған қалдықтарына қарағанда, Болған ана мазары анық және дұрыс пішінмен, алып қабырғалары кірпіш қаламасымен жақсы салынған, бұл ақсүйек тұлғаның құрметіне салынған күмбез болар» деген тұжырым жасайды (Уық шаншылған Ұлытау, 2017: 252). 1946 жылы Ә.Х.Марғұлан мазарды М.Б.Левинсон мен Г.Г.Герасимовпен бірге зерттеуге экспедицияға шығады. Ол мазарды қарахан сәулет өнер ескерткіштермен ұқсастырады, және Талмас ата, Болған ана, Жұбан ана мазарларын бір тізімге қояды (Маргулан, 1948). Осы зерттеу нәтижесінде бұл ескерткішті түрі, құрылыс техникасына қарай XV ғасырдың басы Қазақ хандық кезеңіне жатқызады.

Шыңғыс ханның немересі Жошы ханның қызы Болған ана екені келесі деректер нақтылайды. «Түрік шежіресі» атты кітіабында Әбілғазы Бахадүр бір топ қаңлының Хорезм шахқа қарай көшсе, қалған бөлігі Талас пен Шу өзендерінің жағасына орналасатынын жазады. Бұл кезде елді басқарған Озар хан Күшілік ханның қолынан қаза тауып, оны орнына Сығанақ тегін келеді. Солай Шыңғыс хан оны өзінің немерелерінің біріне үйлендіреді. Академик В.В.Бартольд «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» кітабында Шыңғыс хан Жошы ханның қызы Болған бикені Сығанақ тегінге береді деп жазады (Бартольд, 1963). Бұл кезде Шыңғыс хан Қаңлы мемлекетімен достық қарым-қатынаста болған. «Сығанақ тегіннің қоластында болған, қаңлылардан шыққан тұңғыш қазақ тарихшысы Жамал Қашы «Әл Мулхакат би-с-сурах» кітабында Жошының қаңлы ханына ұзатқан қызының аты Болған Бике екендігі айтылады. Осы Жамал Қарши кейіннен Сығанақ тегін хан мен Болған ананың ұлы Елбұтарды тәрбиелеген. Болған ананың күйеуі Сығанық тегінді халық Талмас ата деп атаған. Оның мазарын да Сарысу өзенінің жағасында орналасқан. Болған ананың шежіресіне

келетін болсақ, әкесі Жошы ханның шешесі қазақтың қоңырат руынан шықса, ал өз анасы Бектұмыш – Тұғырылдың қызы, керей ханы (Уық шаншылған Ұлытау, 2017: 254).

Ұлытау облыстық тарихи мәдени мұраны сақтау орталығының жетекшісі музейіне Мухтар Бакытулы Болған ананы татар Сақал-ноённың қызы, аға әйелі – бәйбіше – Орда Еженнің ұлы Құлы ханның ұлы Тұмаханнның, ал ол Шыңғыс ханның мұрагері Жошы ханның ұлының қызы деп топшалайды. Рашид ад-Дин еңбектерінде Булуган немесе Болған-хатун есімі қазақ тілінде тұншықтырғыш (задыхавшаяся – Мухтар Бахытулы) деп түсіндіреді. Қыз туылған кезде денсаулығында бір мәселе болса керек. Мазарда табылған жәдігерлер (алтын тостаған, ер тоқым, кольчуга, жебе ұшы, қынды қылышы, әшекейлер, аяқ киімі) Алтын Орда кезеңінде жасалғанын және оның ханның бәйбішесі болғанын дәлелдейді (Болған ана кім болған? 2025), (Болған-ана – легенда и символ, 2025). Болған ана мазарының маңында Жошы хан мазары, Алаша хан, Домбауыл, Талмас ата және Құлан қатын мазарлары бар. Бір жерде бірнеше алпауыт тұлғалар мазарларының шоғырлануына қарағанда сол кездегі өркениеттің жоғары деңгейде өсіп-өнген деп айтуға болады.

Болған ана мазары 1946-1947 жылы Ә.Х.Марғұлан бастаған экспедициясы тек 1990 жылы Алматы мемлекеттік архитектура және құрылыс институты жүргізген (жетекшісі Е.Байтенов) қалпына келтіру жұмыстарымен жалғастырылған. 1992 жылы Л.А.Сембинова жетекшілігімен жергілікті археолог-тарихшылар тарихи-мәдени мұра нысандарын анықтау жөнінде зерттеу-барлау жұмыстарын атқарды. Мазардың сыртқы өлшемі – 10,75х9,25 метр, іші – 6,0х6,5 метр, жалпы биіктігі – 4,5 метр (Сембинова 2015: 342). Күмбезі Жұбан ана мазарының күмбезіне ұқсас деген жорамал бар, яғни үшкір, конус пішінді, бұл жабулы тұрған қызғалдақтың бейнесіне келеді. Қызғалдақ тек архитектурада емес, сонымен бірге алтын тостағанның түбінде және киімдерінде қолданылған (Болған-ана – легенда и символ, 2025)

2014 жылы республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, мазар толық жөндеуден өткізілді. 2018 жылы Болған ана мазарына Айбар Қасенәлінің жетекшілігімен археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Болған ана сүйегіне антропологиялық зерттеу Жапония мен Ұлыбритания елдерінде жасалып бейнесі ұсынылды. Болған ана бейнесінің жаңғыртылған нұсқасын гиперреалист-мүсінші Айдос Есмағамбетов жасады (Есенжол, 2022). Археолог Айбар Қасенәлі «Қазақстан тарихында толықтай қалпына келтірілген алғашқы баскиім Болған ананікі. Түпнұсқадан айыру мүмкін емес. Жаңғыртпаның тағы бір жаңалығы жібек шапанда. Бұл киім Алтын Орда дәуіріне тиесілі, әрі оның иесі хан әулетінің айналасынан екенін тағы бір дәлелдей түседі» деп нақтылайды (Болған ана кім болған? 2025).

### **Жұбан ана мазары**

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында әулие ретінде қастерленген Жұбан ананың (Жуан әулие) бейіті сақталғаны мәлімет бар. Сарысу өзенінің орта ағысының оң жағалауында, Ералиев ауылынан оңтүстікке қарай 10 км жерде және Жаңаарқа ауданындағы Тоғыскен ауылына жақын жерде орналасқан. Бұл ескерткіш туралы алғаш рет XIII ғасырдың екінші жартысындағы Фазалла Рашид ад-Диннің «Джами ат-Таварих» трактатында аталып, онда автор Жұбан ананы Өзбек ұлысының ханы Әбілқайыр Шейбанидтің (1412-1462) жазғы лагерлеріне жақын орналасқан қала ретінде көрсетеді (Рашид ад-Дин, 1952) Бұл әулие туралы Ш. Уәлиханов 1862 жылы «Жұбан ананың моласы» атты шағын баяндамасында былай деп жазады: «Қайсақтар әулиенің (әулие) бейітін қастерлейтін, Сарысу өзенінің оң жағасында орналасқан... Төртбұрышты пішінді он қырлы пирамидалы төбесі күйдірілген кірпіштен қаланған. Оның үстінде көптеген «жалау» бар, әрбір жолаушы мінажат етіп дұға оқиды, осылай (олар) ізгі адамды қуанытып, осы арқылы Мұхаммедтің мейіріміне ие болғысы келеді» [Уәлиханов, 1985:158].

XI ғасырда салынған Жұбан ана мазары шебердің күрделі құрылыс техникасын пайдаланып, нақты инженерлік есептерді абсолютті түрде шешіп тұрғызуымен ерекше.

Күмбезді орталықтандырылған құрылым мазарға сыртқы сұлулық беріп, құрылымның беріктігін қамтамасыз етеді. Барлық кірпіштердің көлемі мен пішіні бірдей, бұл құрылыс материалдарын өндіру мәдениетінің дамығанын дәлелдейді. Құрылым өте берік материалдан тұрғызылған - құпиясы белгісіз, ерекше шешім. Ауа-райының қиындығына қарамастан құрылыс бүгінгі күнге дейін сақталған. Мазардың кіреберісі үшкір арка тәрізді жобаланып, оңтүстік-шығысқа бағытталған. Ескерткіштің негізгі тірек құрылымдары күйдірілген кірпіштен жасалған және үш қабатты жүйеге ие. Мазар орта ғасырлардан бері «әулие мола» ретінде құрметтеледі (Мамирова, 2021: 40).

XVIII ғасырда орыс шенеунігі, географы және тарихшысы П.И. Рычков (1712–1777) «Орынбор топографиясы» атты еңбегінде ескерткішті Жупан-Ана деп атап, оның Сарысудың бір саласы Кеңгір өзенінің бойында орналасқанын көрсетеді (Рычков, 1762). Алайда П.И.Рычков Орталық Қазақстанға бармай ескерткішке сипаттама жасаған. Оның сипаттамасы біздің заманымызға жетпеген, дереккөздерге сүйене отырып берілген. 1863 жылы ескерткіштің жобасын жасап, Ш. Уәлиханов алғаш оның суретін салған. 1946 жылы мазарды Қазақ КСР Ғылым академиясының археологиялық экспедициясы зерттеді. Жұбан ана мазары республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген (46-бет). Сонымен қатар, бұл діни ғимараттың сипаттамасы С.Б.Броневский (1830ж.), А.И.Левшин (1830ж.), А.К.Красовский (1868ж.) және И.А.Кастанье (1910ж.) еңбектерінде кездеседі.

1946 жылы мазарды академик А.Х. Марғұлан «Худуд-ад-Әлем» (X ғ.) (авторы белгісіз) және Рашид-ад-Диннің (XIII ғ.) еңбектеріндегі мәліметтерге сүйене отырып, оны Ұлы Жібек жолының бір бағытының бойындағы Менких Жубин (Жуин) немесе Ана-Байж («Ана-Байбичеден» бұрмаланған) ортағасырлық қонысының бір бөлігі деп санайды. Сондай-ақ оның бір шығармасында А.Х. Марғұлан қаланың атауы «Ана-Байбиче», «Ана-Байж» (Рашид-ад-Дин; Березин аудармасында – Анбаидж) деп топшалайды (Марғұлан, 1946).

Зерттеушілер культ нысанын моңғолдарға дейінгі кезең – XI-XII ғасырларға жатқызады. Оның құлпытасы көшпелілер кезінде кейінірек қойылған деген болжам бар. 1974 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің экспедициясы оны өлшеп, суретке түсірді. 1982 жылы Жұбан ана мазары мемлекет қорғауына алынды. Жерлеу құрылымы үш рет қалпына келтірілді (1980, 2011-2012, 2016 ж.). Мазар орталығы бір камералы төртбұрышты құрылым, күмбезі сегізбұрышты. Ескерткіштің табаны 6х5 м, биіктігі 5,5 м, көлемі 191 м<sup>3</sup>. Өкінішке орай, жаңадан салынған құрылым Ш. Уәлихановтың салған суретінен өзгеше. Құрылым ішіндегі құлпытастың биіктігі де айтарлықтай өзгерген (Сураганова, 2019).

Ел аузында Болған ананы Алаша ханның келіні деген де мәлімет бар (Уық шаншылған Ұлытау, 2017, Герасимов, 1957). Аңыздарға келетін болсақ, Болған ана хан әулетінің мүшесі екені даусыз. Қазірге кезде ол туралы үш аңыз бар.

- «Болған бике бүкіл әлемді жапырақтай қалтыратқан Шыңғыс ханның немересі болғандықтан оның беделі өзінің төркін жұртына да жүрген. Шыңғыс хан шапқыншылары алты ай бойы Отырарды ала алмағаны тарихтан белгілі. Отырарды ерлікпен қорғаған Қайыр ханды және оның апасы Түркен хатунды Шыңғыс хан әбден азаптаған. Қайырдың көмейіне қорғасын құйып азаптап өлтіреді. Ал Түркен хатунды, қайын әпкесін, Болған ана араша түсіп, басына бостандық беріп, үлкен адамгершілік іс тындырған» (Уық шаншылған Ұлытау, 2017).

- «Жалпы қаңлы мемлекетінің бір шеті Сарыарқа бойында да болғандығы тарихи деректерден белгілі. Тіпті Сарыарқа өңірінен қаңлыға жаз жайлау, қыс қыстау бөлуде Болған ана әкесімен жүз шайысқаны туралы да аңыздар бар. Болған ана әкесінен бұрын Ұлытай мен Кішітаудың шұрайлы жеріне қоныстанғанына Жошы ашуланып, малын барымталауға жігіттерін жіберіпті. Сол кезде барымташылардың алдынан Болған ана шықса керек. Хан қызына найза көтере алмай барымташылар бір емес, бірнеше рет кейін қайтыпты» деген

аңыз ел аузында сақталынғаны жайлы этнограф, тарихшы, әдебиеттанушы А.Сейдімбековтен М.Рысдәулет естіген екен (Рысдәулет 2017: 11).

- Сонымен бірге, ел аузында жұбайы Сығанақ тегін қайтыс болғаннан кейін, Болған ана елге қарау болып, ел тізгінін ұстаған. Солай тоқсан жасқа дейін өмір сүріп, көп ұрпақ қалдырған (Уық шаншылған Ұлытау, 2017).

Аңыздардағы халықтың көңіліне әсер қалдыратын бірнеше факторларды айтуға болады. Біріншіден, Болған ананың көп ұрпақ қалдыруы ел үшін маңызды мәлімет болып табылады. Егер әйел адам көп бала, немере сүйсе, оның орны айрықша, ол өзінің қызметін дұрыс атқарды деген түсінік бар деп болжам жасауға болады. Екіншіден, оның беделділігі сол заманда тамсандырса, ол ұрпақтан ұрпаққа жетіп, оның құдыреттілігі әліге дейін ел аузында. Құрметті адам болуы ел басына қиындық түскенде қайсарлықпен қарсы тұра алуы, ұрысты даналықпен шешуі - аса маңызды қасиеттер. Кейін ол кісі қайтыс болғанда, оны қасиетті, құдыретті деп көреді, ал мазары қасиетті жерге айналды. Ұрпақ сұрау, сырқаттан ем сұрау тек алып ананың қолынан келетіндей бір сенім бар. Болған ананың рухы әлі де елдің қамқоршысы бейнесінде қызмет қылуда. Бұрын Болған ананың басына келіп әйелдер келіп түнеп, перзент сұраған деседі. Бұл кейін Кеңес одағы кезінде тоқтатылса керек (Сембинова 2015: 341).

Жұбан ананың мазарын этнографиялық жағынан қарасақ, нысан адамдардың рухани және тән саулығын табатын киелі орын ретіндегі маңызын сақтайды. Шырақшы Ғ.Көпбосынұлының (2017ж.) айтуы бойынша, жергілікті халықтың ауызекі дәстүрінде Жұбан ана әулие бейнесі әділдігімен, мейірімділігімен аты шыққан әйел, ана бейнесі ретінде сақталған. Жергілікті халық оны жуан әулие (ауыспалы мағынада: күшті / құдыретті / мықты әулие) деп те атайды. Сондай-ақ әулие толық әйел болуы мүмкін («жуан» - сөзбе-сөз: «толық», яғни арық емес). Мазардан 10 шақырым жердегі Ералиев ауылының жергілікті тұрғындары Жұбан ана қажылығының белсенді екенін, бұл жерге діни және этникалық көзқарасы әртүрлі адамдар келетінін айтады. Қажылар негізінен баласыз әйелдер мен психикалық тұрақсыз адамдар (Сураганова, 2019) Мазар ішінде Жұбан ана әулие бейітінің басындағы құлпытас ақ матамен жабылып, шырақтар мен сіріңкелер қойылып, матрастар ұқыпты төселген. Жұбан ана мазарының символдық мәні бар – ол ежелгі керуен және көшпелі жолдағы белгі, зиярат орны, қажылардың физикалық және психикалық саулығын қамтамасыз етуге арналған киелі нысанның қызметін атқарады (Сураганова, 2019: 71-72).

Аңыз бойынша, Жұбан ана өте дана әйел болған, белгілі бір оқиғаларды болжай білген. Бір күні күйеуінің бір үйір жылқысы жоғалып кетеді. Бірақ үйір басы қайтып оралады, сонда Жұбан ана жылқылардың өздері қайтып келеді деп болжам жасайды. Оған ешкім сенбей, үй иесі ұлдарымен бірге жоғалған жылқыларды іздеуге шығады. Біраз уақыттан кейін жылқылардың өзі ауылға оралғанда, Жұбан ананың бұл қасиетіне тұрғындардың бәрі таң қалып, содан бері оның ақыл-кеңесіне құлақ түре бастайды. Жұбан ананы бүкіл ауыл ана деп құрметтейді. Оған әлі күнге дейін тәу етеді (Жаманкозова, Тусупбекова, Кажикенова, 2023).

Жұбан ана туралы тағы бір аңыз бойынша, Алтын Орда дәуірінде Талмас ата Сарысу бойын мекендеген, оның Желмая деген түйесі болған. Жұбан анаға түнеп, Сарысу бойында Болған ана, Белген анаға барады. Желмая Жетіқоңырдың құмында соққан желдей екпіндеп, киелі жерлерге тоқтады (Мавзолей Жубан ана, 2025) Алайда мазарлардың құрылу деректеріне сүйенсек, Жұбан ана XI-XII ғасырларда, ал Болған ана XV ғасырда өмір сүрген. Талмас атаның екі бірдей жерге баруы мүмкін емес. Бір жағынан мистика болғанымен, бұл аңыз ата мен аналардың рухы әлі де Сарысу өзенінің жағалауында жүргендей әсер береді. Г.Башелар сөзімен айтқанда елдің сезімімен туған жердің поэтикасы аффективті қуат береді (Bachelard, 1994: 37).

Жердің сакрализациясына ықпал еткен фактор ол ел танымындағы Болған ана мен Жұбан ананың құдыреттілігі. Ол құдыреттілік қос ананың мейірімділік, қайсарлық, адалдық және т.б. қасиеттерге ие болып, елі үшін қызмет қылуынан шығады. Екі мазардың құрылысы

мен ол жерде табылған жәдігерлер олардың аксүйек отбасынан шыққанын дәлелдейді. Болған ана жұбайы қайтыс болғаннан кейін, ел билесе, Жұбан ана бір қаланың «жуаны» болған. Елге бас болып, қамқор болуы елдің есінде аса жоғары бағаланып, оны құдыретті деңгейіне көтерген. Осылай феномонологиялық мән салып, әйелдің рухани және қоғамдық портретін береді. Әділ де, мейірімді ел билеушілерді халық қашан да құрмет тұтады, ал егер олар әйел болса, ана деп жоғары көтереді. Бұл жердегі «ана» бір жағынан, өмір беруші деген мағынасын берсе, екінші мағынасы елдің қамқоршысы мен қарауы деген мән салып тұр.

### Қорытынды

Ұлытау аймағының тарихында Болған ана мен Жұбан ана мазарлары ерекше орын алады. Құрылысымен тандандырған бұл мазарлар көптеген зерттеушілердің жазбаларында кездеседі. Тарихи деректер шектеулі болғанменен, аңыздар бұл жерлердің киелілігін, қасиеттілігін сақтаған, сондықтан қажылар мазарлардың басына келіп, зиярат етуде. Мақалада тарихи және этнографиялық деректер талдау арқылы, Болған ана мен Жұбан ананың гендерлік маңыздылығы ашылып көрсетілді. Қос ана жас аналарға демеуші, әлсіз адамдарға қамқоршы бейнесі болып қалыптасқан. Оны тарихи деректер мен этнографиялық материалдар айғақтайды. Болған ана мен Жұбан ана мазарлары архитектура, қолөнер, мәдениет саласы үшін айнымас ескерткіш болса, руханият үшін әділдік, ізгілік, адамгершілік және қайсарлыққа толы рухани орын, киелі жер ретінде қызмет атқарып тұр.

### Әдебиеттер:

Бартольд, 1963 – *Бартольд В. В.* Сочинения в 9-ти томах. Том 1. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. 1963.

Болған-ана – легенда и символ, 2025 – Болған-ана – легенда и символ// [Электронный ресурс] URL: <https://kazpravda.kz/n/bolgan-ana-legenda-i-simvol/> (Дата обращения: 15.08.2025).

Болған ана кім болған? (2025) – Болған ана кім болған? // [Электронды ресурс] URL: <https://qaragandyhabary.kz/bol-an-ana-kim-bol-an/> (Қаралған күні: 15.08.2025)

Валиханов, 1984 – *Валиханов Ч. Ч.* О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще //Собр. соч. 1984. №. 5. С. 190-197.

Валиханов 1985 – *Валиханов Ч.* Могила Джубан-ана / Ч. Валиханов // Собрание сочинений в 5-ти томах. Алматы : Главная редакция казахско советской энциклопедии, 1985. Т. 4. 461 с.

Герасимов, 1957 –*Герасимов Г.Г.* Памятники архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата, 1957

Есенжол, 2022 – *Есенжол А.* Болған ана бейнесі жаңғыртылды//Егемен Қазақстан. 2022. №33. 17 ақпан. Б.14

Жаманкозова, Тусупбекова, Кажикенова, 2023 – *Жаманкозова А. Т., Тусупбекова М. Ж., Кажикенова Н. К.* Социокультурный аспект бытования топонимических преданий Центрального Казахстана (по материалам экспедиций 2012, 2017 годов) //Научный диалог. 2023. Т. 12. №. 3. С. 234-247.

Мавзолей Жубан ана, 2025 – Мавзолей Жубан ана [Электронный ресурс] URL: <https://silkadv.com/en/content/mavzoley-zhuban-ana> [Дата обращения: 15.08.2025]

Мамирова, 2021 – *Мамирова К. Н.* Изучение духовных святынь территории Казахстана в вузе //Обеспечение устойчивого развития в контексте географии, зеленой экономики, экологии и туризма. Актобе, 2021. С. 40.

Маргулан 1946 – *Маргулан А.* О характере исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Казахского филиала Академии наук Союза ССР. Серия историческая. 1946. № 2. С. 75–81

Маргулан 1948 – *Маргулан А. Х.* Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.) //Известия АН КазССР. Серия историческая. – 1948. – №. 49. – С. 119-145.

Рашид ад-Дин, 1952 – *Рашид ад-Дин*. Сборник летописей. М.; Л., 1952. Т. 1. Кн.1. [Электронный ресурс] URL: [http://www.vostlit.info/ Texts/rus16/ Rasidaddin\\_2/ kniga1/ frametext1.html](http://www.vostlit.info/ Texts/rus16/ Rasidaddin_2/ kniga1/ frametext1.html) (Дата обращения 12.08.2018)

Рысдәулет, 2017– *Рысдәулет М.* Болған ана//Ана тілі. 2017. №49 (1411) 7-13 желтоқсан. Б.11

Рычков, 1762 – *Рычков П.И.* Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советников и Императорской Академии наук корреспондентом Петром Рычковым. СПб., 1762. Ч. 1. С. 261.

Сураганова, 2019 – *Сураганова З.К.* Культовый памятник Жубан ана в культурной памяти и практиках поклонения // Культурные ландшафты сибирского города: проблемы теории и практики (электронное издание) / под ред. Д.А. Алисова, И.А. Селезневой. М.: Институт Наследия, 2019. С.69-73.

Сембинова 2015 – *Сембинова Л.А.* Болған ана ескерткіші жайында жазба деректер және мазардың зерттелу барысы//Ғылым, білім және инновация «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру факторлары Т:0 2015. 340-344бб.

Уық шаншылған Ұлытау, 2017 – Уық шаншылған Ұлытау: Кітап-альбом./ Құрастырушылар: Ғазиз Ештанаев, Батырбек Мырзабеков, Сара Смағұл/ Алматы: «Аспантау», 2017. 312 б.

Шмидт, 1894 – *Шмидт Ю. А.* Очерк киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела //Записки ЗСОИРГО. 1894. Т. 17. №. 2. С. 118.

Eliade, 1959 – *Eliade M.* The sacred and the profane: The nature of religion, trans. Willard R. Trask //New York: Harcourt, Brace & World, Inc. 1959. Т. 229. С. 27-28.

Bachelard, 1994 – *Bachelard G.* The Poetics of Space. Beacon Press, 1994. 241p.

Humphrey, Onon, 1996 – *Humphrey C., Onon U.* Shamans and elders: Experience, knowledge, and power among the Daur Mongols. Oxford University Press, 1996.

Knott, 2005, – *Knott K.* Religion, space, and place: The spatial turn in research on religion //Religion and Society. 2010. Т. 1. №. 1. С. 29-43.

### References:

Bartold, 1963 – *Bartold V.V.* Sochineniya v 9-ti tomakh. Tom 1. Turkestan v epokhu mongolskogo nashestviya. [Collected Works in 9 Volumes. Vol. 1: Turkestan during the Mongol Invasion]. 1963. (in Rus.).

Bolgan-ana – legenda i simbol (2025) – Bolgan-ana – legenda i symbol [ *Bolgan-ana – Legend and Symbol.*]. [Jelektronnyj resurs] URL: <https://kazpravda.kz/n/bolgan-ana-legenda-i-simvol/> (accessed 15.08.2025) (in Rus.).

Bolgan ana kim bolgan? (2025) – Bolgan ana kim bolgan? [Who Was Bolgan-Ana?]. [Jelektronnyj resurs] URL: <https://qaragandyhabary.kz/bol-an-ana-kim-bol-an/> (accessed: 15.08.2025) (in Kaz.).

Valikhanov, 1984 – *Valikhanov Ch.* O kirgiz-kaysatskikh mogilakh (molakh) i drevnostyakh voobshche [On Kyrgyz-Kaisak Graves (Molas) and Antiquities in General] //Sobr. soch. 1984. №. 5. P. 190-197. (in Rus.).

Valikhanov 1985 – *Valikhanov Ch.* Mogila Dzhuban-ana [The Grave of Jūban-Ana] / Ch. Valikhanov // Sobraniye sochineny v 5-ti tomakh. Almaty : Glavnaya redaktsiya kazakhsko sovetskoy entsiklopedii T. 4. 461 p. 1985 (in Rus.).

Gerasimov, 1957 – *Gerasimov G.G.* Pamyatniki arkhitektiry doliny reki Kara-Kengir v Tsentralnom Kazakhstane [Architectural Monuments of the Kara-Kengir River Valley in Central Kazakhstan]. Alma-Ata, 1957. (in Rus.).

Esenzhol, 2022 – *Yesenzhol A.* Bolgan ana beynesi zhangyrtlydy [The Image of Bolgan-Ana Has Been Revived] //Egemen Kazakstan. 2022. №33. 17 akpan. B.14. No. 33, p. 14. 2022 (in Kaz.).

Zhamankozova, Tusupbekova, Kazhikenova, 2023 – Zhamankozova A. T., Tusupbekova M. Zh., Kazhikenova N. K. Sotsiokulturny aspekt bytovaniya toponimicheskikh predany Tsentralnogo Kazakhstana [The Sociocultural Aspect of the Existence of Toponymic Legends of Central Kazakhstan]. (Based on Expeditions of 2012 and 2017) // *Scientific Dialogue*, 12(3), P. 234–247. 2023. (in Rus.).

Mavzoley Zhuban ana (2025) - Mavzoley Zhuban ana [Mausoleum of Jūban-Ana.]. [Elektronnyj resurs] URL: <https://silkadv.com/en/content/mavzoley-zhuban-ana> (accessed: 15.08.2025) (in Rus.).

Mamirova, 2021 – Mamirova K. N. Izucheniye dukhovnykh svyatykh territorii Kazakhstana v vuze [Study of Spiritual Shrines of Kazakhstan's Territory in Universities] // *Obespecheniye ustoychivogo razvitiya v kontekste geografii, zelenoy ekonomiki, ekologii i turizma. Aktobe*, P. 40. 2021. (in Rus.).

Margulan 1946 – Margulan A. O kharaktere istoricheskoy obuslovlennosti kazakhskogo eposa [On the Historical Determinants of Kazakh Epic Poetry] // *Izvestiya Kazakhskogo filiala Akademii nauk Soyuza SSR. Seriya istoricheskaya*. 1946. № 2. P. 75–81. 1946 (in Rus.).

Margulan 1948 – Margulan A. Kh. Arkheologicheskiye razvedki v Tsentralnom Kazakhstane (1946 g.) [Archaeological Surveys in Central Kazakhstan] // *Izvestiya AN KazSSR. Seriya istoricheskaya*. 1948. №. 49. P. 119-145. (in Rus.).

Rashid ad-Din, 1952 – Rashid ad-Din. Sbornik letopisey. [ *Compendium of Chronicles* ]. Vol. 1, Book 1. 1952. [Elektronnyj resurs] URL: [http://www.vostlit.info/Texts/rus16/Rasidaddin\\_2/kniga1/rametext1.html](http://www.vostlit.info/Texts/rus16/Rasidaddin_2/kniga1/rametext1.html) (accessed 12.08.2018) (in Rus.).

Rysdaulet, 2017– Rysdaulet M. Bolgan ana [Bolgan ana] // *Ana tili*. №49 (1411) 7-13 Zheltoksan. B.11 (in Kaz.).

Rychkov, 1762 – Rychkov P. I. Topografiya Orenburgskaya, to est obstayatelnoye opisaniye Orenburgskoy gubernii, sochinennoye kollezhskim sovetnikov i Imperatorskoy Akademii nauk korrespondentom Petrom Rychkovym. [Orenburg Topography, a detailed description of the Orenburg province, written by the collegiate councilor and Imperial Academy of Sciences correspondent Pyotr Rychkov] SPb., 1762. Ch. 1. P. 261. (in Rus.).

Suraganova, 2019 – Suraganova Z.K. Kultovy pamyatnik Zhuban ana v kulturnoy pamyati i praktikakh pokloneniya [The cult monument of Zhuban ana in cultural memory and worship practices] // *Kulturnye landshafty sibirskogo goroda: problemy teorii i praktiki/ pod red. D.A. Alisova, I.A. Seleznevoy. M.: Institut Naslediya*, 2019. P.69-73. (in Rus.).

Sembinova 2015 – Sembinova L.A. Bolgan ana eskertkishi zhayynda zhazba derekter zhane mazardyn zerttelu barysy [Written information about the monument to Bolgan ana and the progress of the study of the tomb] // *Gylym, bilim zhane innovatsiya «Kazakstan – 2050» strategiyasyn zhuzege asyru faktorlary T:0 2015*. P.340-344. (in Kaz.).

Uyk shanshylgan Ulytau, 2017 – Uyk shanshylgan Ulytau: Kitap-albom [Uyk pierced Ulytau: Book-album] / Kurastyrushylar: Gaziz Yeshtanayev, Batyrbek Myrzabekov, Sara Smagul / Almaty: «Aspantau», 2017. 312p. (in Kaz.).

Shmidt, 1894 – Schmidt Yu. A. Ocherk kirgizskoy stepi k yugu ot Aralo-Irtyshskogo vodorazdela [An outline of the Kyrgyz steppe south of the Aral-Irtysh watershed] // *Zapiski ZSOIRGO*. 1894. T.17. №2. P.118. (in Rus.).

Eliade, 1959 – Eliade M. The sacred and the profane: The nature of religion, trans. Willard R. Trask // New York: Harcourt, Brace & World, Inc. 1959. T. 229. P. 27-28.

Bachelard, 1994 – Bachelard G. The Poetics of Space. Beacon Press, 1994. 241p.

Humphrey, Onon, 1996 – Humphrey C., Onon U. Shamans and elders: Experience, knowledge, and power among the Daur Mongols. Oxford University Press, 1996.

Knott, 2005, – Knott K. Religion, space, and place: The spatial turn in research on religion // *Religion and Society*. 2010. T. 1. №. 1. P. 29-43.

<sup>1</sup>Бекетова Д.Б. \*<sup>2</sup>Эгамбердиев М. Ш.

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан  
E-mail: <sup>1</sup>danabeketova@gmail.com, <sup>2</sup>mirzahan.egamberdiyev@gmail.com

### **ФОРМИРОВАНИЕ СВЯЩЕННЫХ МЕСТ И ИХ ЗНАЧЕНИЕ: МАВЗОЛЕИ БОЛГАН АНА И ЖУБАН АНА**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается культурное и духовное значение святилищ почитаемых святых женщин в Центральном Казахстане. В то время как научные исследования сакральных ландшафтов Центральной Азии были сосредоточены на святых, в данной работе подчеркивается роль женщин в формировании местных религиозных практик и представлений о памяти. Цель статьи – исследовать формирование и значение святилищ как священных объектов духовных мест и культурных памятников, опираясь на исторические и этнографические данные. Результаты показывают, что святилище – это не только место паломничества, но и пространство, способствующее развитию и сохранению ценностей. Местные легенды о жизни святых позволяют нам увидеть, какие ценности важны для страны. Результаты исследования показывают, что святилища Болган-Ана и Жубан-Ана способствуют поиску ценностей (добродетели, стойкости, настойчивости) и воспитанию духовной идентичности народа. Их святилища часто служат духовными убежищами, местами общественных собраний и пространствами культурной памяти, особенно для женщин, в которых мы находим примеры благочестия, стойкости и святости. Сосредоточившись на женщинах-святых, данное исследование добавляет гендерный аспект к пониманию сакральной памяти и ландшафта Центральной Азии, демонстрируя, что женские святилища являются традиционной преемственностью и уникальным духовным ресурсом для современных сообществ.

**Ключевые слова:** святая женщина, священные места, сакральное пространство, национальная память, духовная идентичность, ценности, паломничество.

<sup>1</sup>Beketova D.B., Egamberdiye M.Sh.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: <sup>1</sup>danabeketova@gmail.com, <sup>2</sup>mirzahan.egamberdiyev@gmail.com

### **THE FORMATION OF SACRED SITES AND THEIR SIGNIFICANCE: THE MAUSOLEUMS OF BOLGAN ANA AND ZHUBAN ANA**

**Abstract.** This article examines the cultural and spiritual significance of the shrines of venerated female saints in Central Kazakhstan. While scholarly research on the sacred landscapes of Central Asia has focused on saints, this study highlights the role of women in shaping local religious practices and representations of memory. The article aims to explore the formation and significance of shrines as sacred objects of spiritual places and cultural monuments, drawing on historical and ethnographic data. The findings reveal that the shrine is not only a place of pilgrimage, but also a space that contributes to the development and preservation of values. Local legends about the lives of saints allow us to see what values are important for the country. The results of the study show that the shrines of Bolgan Ana and Zhuban Ana contribute to the search for values (virtue, fortitude, perseverance) and the upbringing of the spiritual identity of the people. Their shrines often serve as spiritual refuges, public gatherings, and spaces of cultural memory, especially for women, in whom we can find examples of piety, endurance, and holiness. By focusing on female saints, this study adds a gender dimension to understanding sacred memory and

landscape in Central Asia, demonstrating that women's shrines are a traditional continuity and a unique spiritual resource for contemporary communities.

**Keywords:** female saints, sacred sites, sacred place, space, national memory, spiritual identity, values, pilgrimage.

Авторлар туралы мәлімет:

Бекетова Дана Бекетқызы, 1 курс PhD докторанты, Түркітану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасы, Шығыстану факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Эгамбердиев Мирзахан Шарипбаевич, тарих ғылымдарының кандидаты, ассоциативті профессор (доцент), Түркітану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасының меңгерушісі, Шығыстану факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Бекетова Дана Бекетқызы, PhD докторант 1 курса кафедры Туркологии и истории стран Востока факультета Востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Эгамбердиев Мирзахан Шарипбаевич, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент), заведующий кафедрой Туркологии и истории стран Востока факультета Востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Beketova Dana Beketkyzy, PhD doctoral student of the 1st year of the Department of Turkology and History of Eastern Countries, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Egamberdiyev Mirzahan Sharipbayevich, Ass.Prof.Dr., Head of the Department of Turkish Studies and History of Eastern Countries, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.